

Б. Н. ЖҰБАТОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АРАБ, ПАРСЫЛЫҚ КІРМЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ  
ТАРИХЫНАН

В статье автором делается попытка установить время проникновения некоторых арабско-персидских фразеологических заимствований в казахский язык. Заимствованные фразеологизмы, как свидетельствуют тексты тюркских письменных памятников, являются результатом многосторонних тюркско-иранско-арабских культурных контактов. Автор путем сравнительного анализа показывает трансформацию некоторых заимствований.

*Yazar bazi arab-fars kelime ve anlagılarını ne zaman dan kazak diline girdiğini incelemeye çalışır. Buyla asılardır devam eden türk-iran-arab kültürel ilişkileri neticesinde ortaya çıktığı eski türk yazı abidelerinden bellidir.*

Шыққан тегі жағынан араб, парсылық болып келетін кірме фразеологизмдердің қазақ тіліне енү кезеңін анықтау мәселесіне келгенде түркілік дәуірге соқтай кете алмаймыз. Қазір «кірме» деп танылып отырған фразеологиялық оралымдар қазақ тіліне енген уақытын кесіп айтуға болатында жақын аралықта енген жок, олардың кемінде бір ғасырлық тарихы бар. Бұған орта ғасырлық түркі жәдігерлерін оқи отырып көз жеткізуге болады. Осы тұста түркі жазба ескерткіштеріндегі тұрақты тіркестерді зерттеу өз кезегін күттіп тұрған мәселелердің бірі екенін тағы да айта кетуге болады.

XII ғасырдың жәдігері болыш табылатын көне түркі әдеби тілінде жазылған «*Нибату – л-хақайиқ*» ескерткішін оған дейінгі «*Құтадғу билигпен*» салыстырған түрколог ғалым Б.Сағындықұлы онда араб, парсы элементтерінің, сөз орамдарының көбірек екеніне, ал кейінгі ескерткіштерге қарағанда салыстырмалы түрде аз екеніне назар аудара отырып, аталған ескерткіштің жазылу уақытын XII ғасырдың басы деген болжам айтады [1, 62].

Аталған ескерткіштен күні бүгінге дейін семантикалық жағынан өзгермей қолданылып жүрген кірме фразеологизмдерді табамыз. Атап айтқанда: *лағнет айту*:

Йема төрт ешица ыдурман салам,  
Олардин усанмақ қачан ол мәңа.  
Садиқ бирла Фарух үчүнч Зу н-нурайн,  
‘Али төртиланчи ол Әрсиг тоңа.  
Ким ерса бу төрт ешга бад и‘тиқад  
Тутар ерса **мың ли ‘ан айурман** аңа [1, 9].

Тағы да төрт досыңа сәлем жолдаймын.  
Олардан жалыгуым ешқашан мүмкін емес.

Садық пен Фарух, үшіншісі – Зу-н-нурайн  
Төртіншісі – Эли, ол – тендесі жоқ батыр.  
Кімде-кім бұл тәрт досқа сенбестік,  
көрсететін болса, оған **мың лагнет айтамын** [1, 39].

Ескергіштегі **ли ‘ан** арабтың **ла ‘нат** «қарғыс» сөзінің көшіре түрі болыш табылады.

**Са‘адат йолы** «бақыт жолы»: Билиг бирла билинур са‘адат йолы, Билиг бил са‘адат йолыны була [1, 12]: Бақыт жолы білім арқылы біліпнеді, Білім ал. Бақыт жолын ізде [1, 41].

**Әшкере болу.** Қамуғ йашту шишиң болуп ашқара, Бу көрган ешиткан сәңа күлмасун [1, 17]: Барлық жасырын ісің әшкере болыш, көрген, есіткен (кісі) саған құлмесін.

**Мехнат оты.** Өчар мекнэт оты кечар наубаты, Қалур сабр идиси сауабын тутуб [1, 28 ]. – Өшпер мекнеттің оты, көшпер азабы. Сабыр иесі сауабына қалар.

**Едгү фи‘л – ізгі шиыл** «ізгі іс, жақсы амал». **Тирил едгү фи‘лын** көңүллар алың, Есизлигдин өзни сираңғу салыш [1, 29]. – Издің істерді көңілге алып өмір сүр, ессіздіктен өзінді аулак ұстап. Издің іс деген тіркес те қолданылған: Еши едгү болса, ер едгү болур [1, 30] – Издің ізгі болса, ер ізгі болар. Немесе: Есиз едгү шишка йанут болмаз ол [1, 29] – Ессіз ізгі істің қарымын қайтара алмас. Арабтың «іс, амал» мағынасындағы **фи‘л** сөзі ортағасыр ескергіштерінде түшнұсқа тілдегі мағынасынан ауытқымаған, бұл XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін келген қазақ кітаби ақындарының қолданысында да өзгермеген. Бұл сөздің «ой, ниет» мағынасын беріп, семантикалық жағынан трансформациялануы араб графикасынан бас тартып, араб тілін оқыту тоқтаған кезде, яғни шамамен XX ғасырдың оргасына таман орын алса керек.

**Надайа қылу** «кәде қылу», яғни «сыйлық жасау, сыйға беру». Сәңа **надайа қылдым** бу таңсұқ сөзүм, Мәңа **надайа қылсу ду‘а** деп сени [1, 35]: «Саған сыйға тарттым бұл таңсық сөзімді, Маған сыйласын дұғасын дей». Арабтың «сыйлық» мағынасындағы **надайа** сөзі қазір кәде түрінде, кәдесін жасау, кәдеге асты, кәдесін алды секінді фразеологизмдерде қолданылып, семантикасы түшнұсқадан аса алшақтарап кетпеген. Бұл фразеологизмнің **артут қылу** түріндегі түркілік варианты да ескергіште жарыса қолданылған: **Артур қылайын** – сыйлық қылайын: **Мән артур қылайын шаһымға аны** [1, 9] - «Мен шаһымға сыйға тартайын оны».

XIV ғ. ескергіші болыш табылатын Хорезмидің «Мухаббат-намесі» – тәжік-парсы жазба әдеби дәстүрлің ықпалы айқын сезілестін әдеби жәдігер. Хорезмидің парсы тілін білгені, парсы тілінде жазылған мәтінге сүйенгені мәлім. Ақынның ««Мухаббат-намені» он наме қылмақын, Екі бабын һәм парсыша етейін» деп жазуы да осыны айғақтайды. **Махаббат кеніппі** (мухаббат генжи), **жад қылдым** (йад қылдым), **таң самалы** (саба йели).

## Жұбатова Б.Н. Қазақ тіліндегі араб, парсылық...

мәжіліс құрылды (маджлис құрулды), тоты тіліңіз, қабул қылдым, хидмат қылайын, мадақ айтайын (мадх айайын), әлем қуанышы ('алам куванжи), сайышқыран (сахибу-л-қиран), қамкор бол (ғамхор болғыл), рақым етіш (рахм етиб), махаббат оты (мухаббат нары), шекер ерің (шакар ерниң), әддіден асты (хаддин апты), аһ үрдү, дергек дәрмен жоқ (дәрдиңға һеч дарман жоқ), ғашықтық оты (Хорезми 'ишқың отыға йақылды), шырын сөз (сөзүң шириң, өзүң Хосравдин ағзун), бауырымнан қан агады, ғұмыр кешті, есірік көз, жақут ерің (йақут ерин), наркес көзді (наргис көзли), шекер ерінді (шакар дұлаглы), ақиқат әлемі (хақиқат 'аламы), гаунар тіс, лагыл ерің т.с.с. фразеологизмдердің парсы тіліндегі мәтін арқылы енген кірме бірліктер дең тануға болады. Бұл келтірілген фразеологиялық оралымдардың ішінде мухаббат кеніші, 'алам куванжи, мухаббат нары, хақиқат 'аламы түріндегілері араб, парсылық изафетті түркі тілінің заңдылығына сай қайта құрудың нәтижесі дең танимыз. Мысалы: Мұхаммад Хожа-бек 'алам куванжи «Мұхаммед Хожа бек – әлемнің қуанышы» [2, 136]. Мухаббат нары жандын кетмади һеч «махаббат оты жандан еш кетпеді» [2, 151]. Мухаббат ганжини адамға берган «махаббат кенішін адамға берген» [1, 16]. Ал յад қылу, саба үели, маджлис құру, тоты тіліңіз, қабул қылдым, хидмат қылайын, мадақ айтайын, ғамхор болғыл, раҳм ету, шакар ерин, хаддин асты, аһ үру, дергек дәрмен жоқ, ғұмыр кешу секілді фразеологизмдердің парсы тілінен жартылай калькаланған бірліктер екенін тану қыныға түспейді. Ал осы келтірілген фразеологизмдердің ішіндегі есірік көз, бауырымнан қан агады фразеологизмдерін толық калька дең айту талас туғызыу мүмкін. Алайда келтірілген тіркестердің мәнмәтіндегі қолданысына талдау жасау арқылы бұған көз жеткізуге болады. Есірік көз тұрақты тіркесі орта ғасырлық түркі ескерткіштерінде қызың әдемі көзін сипаттайтын тұста кездеседі. «Мұхаббат-намеде» де осыны байқаймыз. Мысалы: Жиһанның фитнасы есруқ көзүнда: Жиһанның алдаш-арбауы есірік көзінде [2, 90]. Есірік көз-ді «мас көз, қарасынан аласы көп көз» (томные, пьяные глаза) дең түсіндіруге болады. Б.Сағындықұлы да есруқ сөзін «мас, есіру» дең түсіндіреді. Mac(t) көз, есірік көз – парсы классикалық әдебиетінде көп қолданылатын образдардың бірі. Қазіргі қазақ тілі иелерінің түсінігінде де мас адамның көзін «әдемі көз» дең ұғыну жоқ. Ал ескерткіште «тагы мың жыл өтсе де ондай ай тумайды», «жұзі барша әлемге арай береді» дең суреттелген сұлуды есірік көзді дең сипаттау түркілік метафора болмаса керек. Ал сенің 'ишқынан бағрымдин ақар қан «саған деген махаббатымның күштілігінен бауырымнан қан ағар» деу де парсы дүниетанымына тән оралымдар. Ғашықтықты қайғы дең ұғыныш, осы қайғыдан көзінен қанды жас ағу, жүрегі мен бауыры қан болу – Шығыс поэзиясындағы көнігі қолданыстар. Бауыры қан болу, бауырынан қан ағу фразеологиялық оралымның жартылай калькаланған варианты жігері құм болу түрінде қазіргі тілімізде тұрақтаған. Алайда Қожа Ахмет Ясауи тілінде де, ескерткіштерде де оның толық калькаланған түрі қолданылған.

Жоғарыда келтірілген фразеологизмдермен бірге «Мұхаббат-намеде» біз кірме семантикалық фразеологияның дәп таныған, сонының поэзия арқылы кең тараған гүл мен бұлбұл, шам мен көбелек секілді тұрақты тіркестердің қолданысы да заңды, себебі аталған поэтикалық дүние сонының әдебиет үлгілерінің бірі болып табылады. Мысалы: *Чаманиң ғұллары бұлбұл била хош* «Бақтағы ғұлдар бұлбұлмен (болады) хош» [2, 76]. *Көңүл пәруана болды ол йолага* «қөңілім сендей шыраққа көбелек болды» [2,152]. Мұндай семантикалық фразеологизмде идея сакталады да, компоненттер аузын қолданыла береді. *Гүл мен бұлбұл* дәл осы мәтінде *шешек пен бұлбұл* түрінде кездессе, қазіргі қолданыста, әдетте, *көбелек пен шам* түрінде кездесетін фразеологизм, *пәрвана мен йола* түріндегі тіркес компоненттерінің бірі парсылық, екіншісі түркі сөзі болып келеді.

Ескерткіштің тілі қазіргі қолданыстағы кейбір сөздердің бір кездерде екі компоненттен тұратын фразеологиялық оралым болғанын көрсетеді. Қазіргі қазақ тіліндегі *сайышқыран* сөзі арабтың *сахиб қиран* тіркесінің лексикаланған формасы екенине көз жеткіземіз: *Айа, сахиб қыран, ким үзарлар, Қылычыңдин ‘адулар қан ичинда: Ей, сақып қыран, жауың жүзеді қылытынан (аққан) қан ішінде* [2, 39]. *Сахиб қиран* тіркесі парсыша-орысша сөздіктे былай түсіндіріледі: *صاحب قران* [саһибқаран] 1. книж.счастливый, победоносный (рожденный под знаком Венеры и Юпитера или Венеры и Солнца). 2. ист. Обладатель счастливого сочетания звезд (титул иранских шахов) (ПРС, т.2, с.130).

Қазіргі қазақ тіліндегі «меселі қайтты, сағы сынды» деген мағынадағы *жігері құм болды* фразеологизмінің құрамындағы парсының *жігер* сөзі бұл оралымның кірмелігінен хабар береді. Парсы сөзі *джегар* – адам ағзаларының ішіндегі маңыздыларының бірі болып табылатын бауыр. *Жігер* сөзінің соматикалық атау ретіндегі нақты мағынасы шығыс тілдерінің ықпалын сактаған түрік, әзіrbайжан секілді түркі тілдерінде бар болғанмен, қазақ тіліндегі жоқ. Қазіргі қазақ лингвомәдениетінің өкілдері *жігер* сөзін «қажыр», «қайрат», «ынта» секілді абстракт ұғымдардың атауы дәп біледі. Мұның өзі бұл сөздің поэтикалық мәтіндер арқылы келгенін танытады. Қазақ тіліндегі *жігері құм болды* фразеологизмі парсы тілінен аударылып алғынған жартылай калькаға үксайды. Парсы тіліндегі *хұн бә джегар кардан* «бауыры қан болу», *хұн бә джегар шодан* «бауырын қан қылу» (Персидско-русский словарь, т. I, 589-б.) түріндегі тұрақты тіркестер аталған фразеологизмнің прототип бола алады. Бұл фразеологизмдер Омар Хайам, Сағди, Хафіз секілді парсы классикалық әдебиеті өкілдерінің қолданысында көп кездеседі. Ал бұл тұрақты тіркестің орта ғасырлардағы түркі мәтіндерінде *бауыры қан болды* түріндегі толық калькасы қолданылғанына Қожа Ахмет Ясауи хикметтері арқылы көз жеткіземіз:

‘ишиқ халқ іңідә сиррү нинаң,  
Аһ ұрса, кеккә йетер рәңі хәзан.  
Көзі йашылық, көнді сынуқ һем бағры қан,  
Беріан болмай хақ үйолыны білсө болмас [3, 332].

Ал «Мұхаббат-наме» секілді поэтикалық жәдігерде аталған фразеологизм *бауырынан қан ағар* түрінде кездеседі: *Сениң ‘ишиқтыңда бағрымдың ақар қан* «Саган ғашық болғаннан бауырынан қан агады» [2, 82]. Жалпы, жігер сөзінің жеке түрші, не болмаса тұрақты тіркестер құрамында қолданылуына мысал көне түркі сөздігінде тіркелмегенін байқадық, С.Е.Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» атты зерттеуіндегі сөздіктен де байқамадық. Шамасы, бұл сөздің қолданысы араб, парсы тілдерінің қайта жаңданып, бұл тілдерден аударма жасау ісіне үлкен дең қойылған тұста, яғни XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қоғамдағы кітап бастыру, аударма секілді әлеуметтік қызыметтерге белсенді қатысқан кітаби ақындардың қызыметімен байланысты болса керек. Болашакта араб, парсы секілді шығыс тілдерін қатар менгеріп, осы тілдерде де өлең жазған Навои, Бабыр секілді түркі шайырларының тілдерін зерттеу шығыс тілдерінен калькаланған тіркестерді тануда мол деректер беріп, көмектесетіні сөзсіз. Ал калькалау мәселе сіне келгенде, бұл дәстүрдің орга ғасырлардан келе жатқанын академик Р.Сыздықованың хикметтерде жарыса қолданылған парсылық *хак-и пайы* және оның *айағ басқан ізләр* түріндегі түркілік варианты турасындағы мына шікірі растай түседі: «...Сан жағынан *хак-и пайы* мен *айағ басқан ізләр* варианты шамалас, соңғысы парсы тілінен жасалған калька деуге болады, бұлар о бастап осылайша жарыса хатқа тұсті ме, жоқ әуелде түркі жұрттына түсінікті *айақ басқан із* (*тозаң, тошырак*) түрінде беріліп, кейін парсышасы тәуір көрінді ме, әлде керісінше ме – таш басып айту киын» [3, 100]. «Қайғырды» мағынасындағы *жігері қан* болды тұрақты тіркесі түрікмен тілінің жазба ескерткіштерінде де *йүргі ган* болды, *йүргі ган* ичинде түріндегі фразеологизмдермен қатар қолданылады екен: *Жігерим қан* болуб, *көзлөрім йаш* болуб (Молланепес, «Зохра и Тахир», XIX ғ.) [4, 93]. Түрікмен тілі секілді өзге түркі тілдерінің материалдары да қазақ тіліндегі *жігері құм болды* тұрақты тіркесінің о баста парсы тілінен *жігері қан* болды түрінде аударылып қолданылған калька деген тошылауымызды дәлелдей түседі.

Түркі фразеологизмдерін зерттеуге арналған еңбектерден орга ғасырларда парсы тілінен кірме бірліктер қабылдау мәселе сіне келгенде материалдық кірмелерден гөрі калькалауға артықшылық берілгенін байқауға болады. Қазіргі тіліміздегі *абыройы тәғілді* түріндегі идиом орга ғасырлардағы түркі ескерткіштерінде *йуз суы тәғілді* түрінде қолданылған. Міне, осындай мысалдар араб, парсы тілдерінен калькалау үрдісінде орга ғасырларда көніл бөлінсе, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 5-6, 2010**

---

басындағы кітаби ақындар шығармашылығында аудармай, түшнұсқадағы күйінде қабылдау етек алғанын көрсетеді. Мұның себебін ашу үшін түркі ескерткіштері мен қисса-дастандар тілін салыстыра зерттеу қажет болады.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. *Сагындықұлы Б.* «Нибат-ул хақайық» - XII ғасыр ескерткіші. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.
2. *Сагындықұлы Б., Тәшімбай С.* «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) мәтіні. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 228 б.
3. *Сыздықова Р.* Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. -552 б.
4. *Аннаева Р.Х.* Фразеологические устойчивые словосочетания в памятниках туркменского языка. – Ашхабад: Ылым, 1983. -144 с.

### **REZUME**

ZHUBATOVA B.N. (Almaty)

HISTORY OF ARABIC-PERSIAN PHRASEOLOGICAL LOANS IN THE KAZAKH LANGUAGE

The author attempts to establish the time of penetration of some Arabic-Persian phraseological loans in the Kazakh language. The borrowed phraseological units as texts of Turkic written monuments testify, grow out of centuries-old Turkic-Iranian-Arabian cultural contacts. The author shows transformation of some loans by the comparative analysis.